

Сүйектің сынуы
Буын шығуы
Соғып алу
Сіңір созылуы

Сүйектің сынуы

- * Сүйектің сынуы бұл оның тұтастығының бұзылуы. Ішінара (сүйектегі жарқын-шақ) немесе толық сынуы мүмкін. Ашық сынық өте қауіпті, ашық сыныққа қоздырғыштар енеді де асқынады және іріңдеу-қабыну процессінің дамуымен ушыға түседі.



Сүйектің сынуының белгілері:


- * Жабық сыну кезінде сүйек сынған жердің сырқырауы, аяқ-қол саусақтары бастарының қысқаруы, сүйек сынған жердің қанталауы мен домбығуы, аяқ-қол қызметінің бұзылуы, буын дар арасындағы аяқ-қол төңірегінiң бойындағы қозғалыстың қалыпсыздығы.
- * Ашық сынықкезінде аяқ-қол бармақ бастарының қысқаруы мен қисаюы, жарада сүйек жарықшақтарының болуы, жарақаттанған жердегі қалыпсызқозғалыс, аяқ-қолды қозғалтқан кездегі сырқырауы, жарадан қанның ағуы. Қол сынықтары, иық белдеуінің сынықтары, иық басының өсігі сынған кезде иық буынының қозғалуы қиындап, шамалы ісініп және иық өсегін басқан кезде сүйек сырқырайды

Алғашқы медициналық көмек

- * Білекке, шашақтың ұшына және саусақтарға үйеңкі, картон немесе саты шинасын қояды, қолды орамалмен мойынынан іледі. Білек сүйегі сынған кезде шинаны саусақтарды қамти отыра иыққа жақындатып отырып, шынтақ буынын 90 градусқа бүгіп салады және орамалмен іліп қояды. Тоқпан жілік, шынтақ жілік, кәрі жілік сынған кезде саты шинасымен немесе қолда бар құралдармен қолға ыңғайлы болатындай (физиологиялық) жағдай жасап иммобилизация жүргізіледі. Иммобилизация жүргізілгенде кемінде 2 буын, ал иық сүйегі сынған кезде 3 буын бекітіледі.

Буынның шығуы

- * Буын шығуы деп-сүйек эпифиздерінің өз орнынан толық тайып кетуін айтамыз. Кейде буынның жартылай шығуында байқауға болады. Буын жиынан толық шығуы екі сүйектің буын басының орнынан шығуын айтады. Омыртқа орнынан жоғары шығу деп атайды.

- 
- * Даму себептері бойынша шығуы туа біткен, журе қалыптасқан болып екіге бөлінеді. Соңғысы өз алдында бірінші жараөаттан соң дамыған шығу, уақытымен 3 кунге дейін, кем дегенде 3 аптаға дейін, кемдегенде 3аптадан жоғары әдетке айналған шығу қалыптасады.

Емдеу – шыққан буынды орнына түсіріп, буында жыртылған тіндердің біту уақытына дейін қозғалыссыз қалыпта құрсаулап, таңып немесе гипспен бекітеміз. Ол үшін көбінесе гипспен таңуды 10-15 күнге қолданамыз, сонан соң қимыл –қозғалыспен емдеу басталады.



Соғып алу

- * Соғып алу—жұмсақ тіндердің бұзылуы, көбінесе құлау немесе бір нәрсеге ұрыш алу кезінде пайда болады; бұл кезде тері, ұсақ тамырлар зақымданады; тіндерде кан құйылуы немесе жиналуы (канды ісік) пайда болады.

- * Соғып алу соқтығысу, құлау және басқа себептерден болады. Мұндай кезде қысым интенсивті әрі шоғырланған болады. Жұмсақ тіндер қатты құрылыстардан, мысалы, бұлшықет сүйектен шығып тұрады. Қан тамырлары мен лимфа жолдары зақымдалады, сұйықтық – қан мен лимфа, тіндерге құйыла бастайды. Қанды ісік пайда болып, жүйке ұштарына қысым көрсетеді де, ауыру сезімін тудырады.



Алғашқы көмек

- * Қатты немесе кең көлемді соғып алу кезінде дәрігерге көрінгеніңіз жөн. Рентген немесе ультрадыбыстық зерттеу керек болуы мүмкін, себебі, терең жарақат күдігі бар. Соғылған жерлер ауырып, қозғалысты шектейді. Спортшылар осы себептен жаттығуларын тоқтатуға мәжбүр болады.

Сіңірдің созылуы

- * Буынға шамадан тыс созу күші түскенде оның айналасындКез-келген сіңір созылуы керіліп кетуге мүмкін. Бұлшықеттің немесе сіңірдің үзілуі – бұл тіндерге салмақ барынша түспей, көбінесе тыныштық қалпында не өзгермегендігініңсалдары. Тіндер мен қантамырлардың кішігірім жарақаттары пайда болады, олар микрожарақат деп аталады. Зақымдалған тамырлардағы қан айналадағы тіндерге кетіп, соның нәтижесінде ісік пайда болады. Ісік жүйкені қысып, ауыру сезімін тудырады. ағы сіңірлер созылады

Белгілері

- * Соғылған жер тартып ауырып, қызметі шектеледі. Осы сіңір созылуының немесе кеңейменің (делатация) белгісі. Сіңір неғұрлым қатты созылса, қанды ісіктің пайда болу қаупі соғұрлым жоғарылайды. Қанды ісіктің нәтижесінде жалпы ауыру сезімі пайда болады: сіңірдің созылуынан, шамадан тыс салмақ түсуден болатын ауру. Созылу күшіне байланысты ауру тұрақты болуы мүмкін немесе зақымдалған жер тыныштықта болса, басылуы мүмкін.



Емі

- * Кідіріс – зақымдалған жерді босату керек.
- * Мұз – суықтың әсерінен тамырлар тарылады да, тіндерге сұйықтықтың құйылуы азаяды. Абай болыңыз: мұзды тікелей теріге қоюға болмайды және үзіліс жасап отыру керек, себебі, жергілікті үсуге алып соғады.
- * Қысу (компрессия) – сыртынан әлсін басу зақымдалған тіннің ауыруын жеңілдетіп, ісікті қайтарады.
- * Орналасуы (жоғары) – осылай зақымдалған жерден қанның қайтуы жақсарады да, ісік пайда болу қаупі азаяды.



